



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

-03 - Құрылымдық 2015 жыл  
Қызылорда қаласы

№ 283/к  
қорға Қызылорда

**Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы  
«Абылай» бала бақша-яслиі» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігін мемлекеттік  
аттестаттау қорытындысы туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 қаулысымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесінің» талаптарын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі «Абылай» бала бақша-яслиі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аттестаттау туралы мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қорытындысы бекітілсін.

2. Қызылорда облысының Білім саласындағы бақылау департаментінде құрылған аттестаттау комиссиясының қорытындысы негізінде Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі «Абылай» бала бақша-яслиі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес болуына байланысты аттестатталсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы Б.С.Тумурзаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы



М. Шермағанбет

002008



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті  
Қызылорда облысының Білім саласындағы бақылау департаменті

**Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі  
«Абылай» бала бақша-ясли» жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігін мемлекеттік аттестаттау қорытындысы**

**Қызылорда қаласы, 2015 жыл**

**Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі «Абылай» бала бақша яслиі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік аттестаттау туралы комиссияның қорытынды анықтамасы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабы 42 тармағына, «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 Қаулысына, Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінің 2015 жылғы 20 тамыздағы №269/н бұйрығына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуын бақылау мақсатында 2015 жылдың 26 - 28 тамыз аралығында Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі «Абылай бала бақша яслиі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

**I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

«Абылай» бала бақша-яслиі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Мұқанов көшесі, № 14 мекен-жайда орналасқан, индекс 120700, Балабақша құрылтайшысы Алдабергенов Абзал Абдугазизович, жеке кәсіпкер. «Абылай» бала бақша-яслиі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысы 16.09.2010 жылы бекітіліп, мемлекеттік емес білім мекемесі түрінде құрылған. Мектепке дейінгі мекеменің жобалық қуаттылығы 60 орынға арналған, құрылған жылы 2010 жыл, 1 қабатты жеке ғимаратта орналасқан, жылу жүйесі қатты отынмен жылытылады, сумен қамтамасыз етілген. Мекемеде 3 топ қызмет атқарады. Мектепке дейінгі балалар мекемесі 5 күндік жұмыс аптасымен, жұмыс уақыты 8.00- ден 18.00-ге дейін белгіленген.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбие мен оқыту жұмысы «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламаларымен жұмыс жасайды. Жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына «Ағылшын тілі» ортанғы тобында вариативтік компонент бойынша бекітілген. Оқу-тәрбие жұмысы қазақ тілінде жүргізіледі. Бір топтың жеке жатын, ойын, киім ауыстыратын, жуынатын бөлмелері бар, ал екі топтың жатын, ойын, киім ауыстыратын бөлмелері біріктірілген. Барлық топтар жиназдармен, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған. Топтарда бес сала бойынша «Денсаулық», «Тағым», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» орталықтары ұйымдастырылған. Ән-күй, дене шынықтыру залдары біріктірілген.

1) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы - Тіркеу нөмірі 347-1933-08 ЖШС Шиелі аудандық Әділет басқармасы 16.09.2010ж., бизнес-сәйкестендіру нөмірі 100940010515, 16.09.2010жылы берілген. 2) Заңды тұлғаның атауы: «Абылай» бала бақша-яслиі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 3) Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы) Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, индекс 120700, С.Мұқанов көшесі, №14 5) Санитарлық – эпидемиологиялық қорытынды 25.10.2010 жылы №178 тексеру актісімен берілген (көшірмесі қосымшада тіркеулі) «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» қорытынды беріліп, бала қабылдауға келісім берілген. 6) Өрт қауіпсіздік жағдайын өрт техникалық тексеру 27.10.2010 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің №23-08/25-А-311 тексеру анықтамасы берілген. Төтенше жағдайға байланысты арнайы жабдықтау жұмыстары жүргізілген. Автоматты лабылқакқыш жоқ. Өрт қауіпсіздігінің сызбалары жасалған. Ол бойынша өрт қауіпсіздігі ереже талаптары мен нормалары қарастырылған. 7) Мектепке дейінгі ұйымның медициналық кабинетінің лицензиясы рәсімделген.

Балабақшада медициналық қызметке байланысты арнайы бөлме жұмыс жасайды. Бөлмеге медициналық жабдықтар, дәрі-дәрмектер алынған. Білім беру ұйымы тамақтану орнымен, құралдармен жабдықталған. Асханада жабдықтар бар, ас әзірлеу орны, азық-түлік сақтау қоймаларымен қамтамасыз етілген.

Зерделеу барысында балабақшаның іс құжаттарының барлығы меңгеруші және әлсіземелік, медбике кабинетінде іс номенклатурасы бойынша жинақталғаны анықталды.

Ұжымдық келісім шарт екі жақты жасалып «Абылай» бала бақша-ясли» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің менгерушісі А.Бердина және кәсіподақ комитетінің төрайымы М.Әбиевамен келісіліп 10.09.2014 ж. бекітілген. Төмендегідей бөлімдерден құралған: 1) Жалпы ереже, 2) Еңбек қатынасы және еңбек шарты, 3) Еңбек ақы төлеу, 4) Еңбек және демалыс режимі, 5) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, 6) Еңбекпен қамтамасыз ету және берілетін кепілдіктер, 7) Кәсіподақ комитетінің кепілдіктері, 8) Педагогтарға берілетін жеңілдіктер, 9) Қорытынды ереже.

«Абылай» бала бақша-ясли» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ішкі еңбек тәртіптерінің құжаттары рәсімделуде. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлерімен техникалық қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі негізінде нұсқаулықтармен таныстырылып, тиісті журналдарға тіркелген. Балабақшаның қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері мен ішкі еңбек тәртіп ережелерімен таныстырылып, қол қойылған. Ұйымның негізгі қызмет бойынша бұйрық кітаптары нөмерленіп, қатталып, мөр басылған және бұйрықты тіркеу журналдары жүргізілген. Құжаттар мемлекеттік тілде жүргізілген. Балабақша топтарының соңғы үш жылдағы ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттерінің кестелерін анықтау барысында 2012-2013 оқу жылында ІІ кіші «Көжек», ортанғы «Балапан» тобы және ересек «Балауса» топтары жұмыс жасаған. Жалпы топтың оқу іс-әрекетінің құрылымында стандарт талаптары орындалған.

### II – кіші тобының оқу іс әрекеттер кестесі

(3 – 4 жас аралығы) 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 о.ж.

Ісім беру аталары	Оқу іс – әрекеттер атауы Топтың жылдық сағат жүктемесі	Стандарт бойынша	Балабақша бойынша
			«Көжек»
атынас - 2	Тіл дамыту - 36 сағат	1	1
	Көркем әдебиет - 18 сағат	0,5	0,5
	Орыс тілі- 18 сағат	0,5	0,5
енсаулық - 2	Дене шынықтыру - 72 сағат	2	2
аным - 2	Қарапайым математика - 18 сағат	0,5	0,5
	Құрастыру - 36 сағат	1	1
	Айнала қоршаған ортамен таныстыру - 9 сағат	0,25	0,25
	Экология негіздері-9 сағат	0,25	0,25
тығармашыл ү - 4	Музыка - 72 сағат	2	2
	Сурет салу - 36 сағат	1	1
	Мүсіндеу - 18 сағат	0,5	0,5
	Жапсыру - 18 сағат	0,5	0,5
еуметтік та - 1	Экология негіздері -9сағат	0,25	0,25
	Айнала қоршаған орта -9 сағат	0,25	0,25
	Көркем әдебиет -18 сағат	0,5	0,5
у іс – әрекетінің жалпы көлемі		11 сағат	11
риативтік бөлім «Дидактикалық ойындар»		1 сағат	1 сағат

### Ортаңғы тобының оқу іс-әрекетінің кестесі

(4 – 5 жас аралығы) 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдары

Ісім беру аталары	Оқу іс – әрекеттер атауы	Стандарт бойынша	Балабақша Бойынша
			«Балапан» 2013-2014
тынас - 2	Тіл дамыту - 36 сағат	1	1
	Көркем әдебиет - 18 сағат	0,5	0,5
	Орыс тілі – 18 сағат	0,5	0,5
чсаулық - 2	Дене шынықтыру - 72 сағат	2	2



Таным - 3	Қарапайым математика - 36 сағат	1	1
	Құрастыру - 36 сағат	1	1
	Айнала қоршаған ортамен таныстыру - 18 сағат	0,5	0,5
	Экология - 18 сағат	0,5	0,5
Шығармашылық - 4	Музыка - 72 сағат	2	2
	Сурет салу - 36 сағат	1	1
	Мүсіндеу - 18 сағат	0,5	0,5
	Жапсыру - 18 сағат	0,5	0,5
Әлеуметтік орта - 1	Экология негіздері - 9 сағат	0,25	0,25
	Айнала қоршаған орта - 9 сағат	0,25	0,25
	Көркем әдебиет - 18 сағат	0,5	0,5
	Оқу іс - әрекетінің жалпы көлемі	12 сағат	12 сағат
Вариативтік бөлім	Бүлдіршіндердің шығармашылығын дамыту - 1сағат	1 сағат	1 сағат
	Шебер қолдар -1сағат	1 сағат	1 сағат
	Барлығы	14	14 сағат

2012-2013, 2013-2014 және 2014-2015 оқу жылдарында ортаңғы топтарда ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестесі стандарт талабына сәйкес 12 сағаттық жүктеме орындалып, сақталға, вариативтік бөлімдегі 2 сағат жүктемемен «Шебер қолдар», «Бүлдіршіндердің шығармашылығын дамыту» бағдарламалар алынып, бекітілген, алайда аудандық білім бөлімінде рәсімделмеген.

**«Бәйтерек» ересек тобының оқу іс-әрекетінің кестесі**  
(5 – 6 жас аралығы) 2014-2015 жж.

Білім беру салалары	Оқу іс – әрекеттер атауы	Стандарт бойынша	Балабақша бойынша «Балауса» 2013-2014
Таным - 4	Тіл дамыту - 18 сағат	0,5	0,5
	Көркем әдебиет - 18 сағат	0,5	0,5
	Сауат ашу және жазу негіздері -36 сағат	1	1
	Орыс тілі - 72 сағат	2	2
Денсаулық - 2	Дене шынықтыру - 72 сағат	2	2
Таным - 3	Қарапайым математика - 36 сағат	1	1
	Құрастыру - 36 сағат	1	1
	Айнала қоршаған ортамен таныстыру - 18 сағат	0,5	0,5
	Экология - 18 сағат	0,5	0,5
Шығармашылық -5	Музыка - 72 сағат	2	2
	Сурет салу - 36 сағат	1	1
	Мүсіндеу - 36 сағат	1	1
	Жапсыру - 36 сағат	1	1
Әлеуметтік орта - 2	Экология негіздері - 9 сағат	0,25	0,25
	Айнала қоршаған орта - 9 сағат	0,25	0,25
	Көркем әдебиет - 18 сағат	0,5	0,5
	Өзін-өзі тану - 36 сағат	1	1
Оқу іс - әрекетінің жалпы көлемі		17 сағат	17 сағат
Вариативтік бөлім	«Таза ауадағы шынықтыру»- 1 сағат	1 сағат	1 сағат
	«Сиқырлы сандар» - 1 сағат	1 сағат	1 сағат
	«Бала тілін дамыту» - 1сағат	1 сағат	1 сағат





Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары жасалған. 2012-2013 оқу жылында өткен біліктілік арттыру курстарынан өткен педагог жоқ. 2013-2014 оқу жылында 2 педагог біліктілік арттыру курсынан өткен, 2014-2015 оқу жылында 5 педагог біліктілік арттыру курсынан өтеді деп жоспарланған.

Педагог кадрлардың білімі, стажы, біліктілік санаты, қайта даярлау курсынан өткендігі көрсетілген педагогикалық кадрлардың тізімі жасалған.

Барлық педагогикалық кадрлардың және қосалқы қызметкерлердің жеке іс-қағаздары жинақталған. Қызметкердің арызы, жеке еңбек шарты, білімі туралы дипломның расталған көшірмелері, өмірбаяны, құжаттардың тізбесі бар. Әкімшілік тарапынан қызметкерлермен еңбек шартына отырған, екі жақтың құқығы мен міндеттері, жұмыс мерзімі және еңбек шартының ұзақтығы көрсетілген. Қызметкерлермен жұмыс берушінің екі жақты жасалған еңбек шартының мерзімін тоқтату немесе ұзартылуы уақытылы толтырылып, бұйрықпен рәсімделген.

Ағымдағы қызметі жөнінде, жеке құрам мәліметі бұйрықтар бойынша балабақшада 2 бұйрық кітабы арналған: Қызметкерлермен жұмыс (қызметкерлердің жұмыс жүктемелері, еңбек және ақысыз демалыстарына шыққандары туралы). Балабақша ішкі айналым (өндірістік шаралар). Бұйрық кітаптары түптелген, тігілген және мөрмен бекітілген. Мазмұны талапқа сай толтырылған: бұйрықтарда номері, шыққан күні, меңгерушінің қолы мен мөрімен бекітілген. Педагогикалық кеңес пен педагогикалық сағаттары мәжілістерінің жұмыс жоспарлары жасалынған, хаттамалары жазылып, құжатталған, алайда 2012-2013, 2013-2014 оқу жылдың хаттамалары толық жазылмаған, дұрыс рәсімделмеген.

### **III. Тәрбиеленушілер контингенті**

Тәрбиеленушілердің қозғалысы арнайы кітапта тізімделген. Топтардағы келген-кеткен тәрбиенушілерге тіркеу журналы арналған. Келген-кеткен анықтамалар жинақталған.

1) 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің ата-аналарымен келісімдер жасалған. Келісім-шартта ата-аналар мен педагогтардың бала тәрбиесіне жүктелген міндеттері мен құқықтары көрсетілген.

2) тәрбиеленушілер контингентінің сандық құрамы бойынша: 2012-2013 оқу жылында 60 бала болған, оның ішінде 3-4 жастағы – 20 бала, 4-5 жастағы – 20 бала тәрбиеленген, 5-6 жастағы – 20 бала тәрбиеленген.

2013-2014 оқу жылында 60 бала болған, оның ішінде 3-4 жастағы – 20 бала, 4-5 жастағы – 20 бала тәрбиеленген, 5-6 жастағы – 20 бала тәрбиеленген.

2014-2015 оқу жылында 60 бала болған, оның ішінде 3-4 жастағы – 20 бала, 4-5 жастағы – 20 бала тәрбиеленген, 5-6 жастағы – 20 бала тәрбиеленген.

### **IV. Оқу-әдістемелік жұмыстар**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес балабақша жоспарлары жасалып, бекітілген. Типтік оқу жоспарға сәйкес балабақшаның оқу жоспары жасалған. Жоспарда негізгі апталық жүктемелер көрсетілген. Тарификация, табель жасалған.

Оқу-тәрбиелік үрдісіне әдістемелік көмек қамтамасыз етілген. Топтарда «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары бойынша оқу-іс әрекеттері ұйымдастырылып, бағдарлама негізінде білім беру мазмұны игерілген. Оқу жоспары бойынша берілген негізгі апталық жүктеме игерілген. Топтар бойынша берілген сағат жүктемесі толық орындалған, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 10 тамыздағы № 1080 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалған. Ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері ҚР МЖМБ стандарты бойынша пәндік-дамытушы орталықтар: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бойынша өтілген. Күнтізбелік жоспары бес саланың стандарттағы бөлінген сағаттары бойынша жасалған. Топтардың оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары әр пән бойынша балалардың жас шамасына сай



жоспарланған. Балабақша топтарының соңғы үш жылдағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестелерін анықтау барысында ІІ кіші «Көжек» тобы, ортанғы «Балапан» және ересек «Балауса» топтары жұмыс жасаған. Жалпы топтың оқу іс-әрекетінің құрылымында стандарт талаптары орындалған.

ҚР МЖМБС базалық оқу жоспары бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының жоспарлауы төмендегідей берілген: 3 жастан 4 жасқа дейінгі ІІ кіші «Көжек» тобында Денсаулық саласы 2 сағат, Қатынас саласы 2 сағат, Таным саласы 2 сағат, Шығармашылық вариативтік компонентке 1 сағат барлығы 11 сағат және «Дидактикалық ойындар» ІІ кіші «Көжек» тобында оқу іс-әрекетінің кестесі жалпы көлемі 11 сағаты берілген және «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентке 1 сағаты берілген.

2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында 4 жастан 5 жасқа дейінгі ортанғы «Балапан» тобында Денсаулық саласы 2 сағат, Қатынас саласы 2 сағат, Таным саласы 3 сағат, Шығармашылық саласы 4 сағат, Әлеуметтік орта 1 сағат барлығы 11 сағат және «Шебер қолдар» мен «Бүлдіршіндердің шығармашылығын дамыту» вариативтік компонентке 2 сағаты берілген.

2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдарында ересек «Балауса» тобында Денсаулық саласы 2 сағат, Қатынас саласы 3 сағат, Таным саласы 3 сағат, Шығармашылық саласы 5 сағат, Әлеуметтік орта 1 сағат барлығы 17 сағат және «Таза ауадағы шынықтыру», «Сықырлы сандар», «Бала тілін дамыту» вариативтік компонентке 3 сағаты берілген.

Балабақшадағы қолданыстағы бағдарламалар: Мектепке дейінгі кіші жастағы (3 жастан 5 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» «Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламаларына әдістемелік нұсқаулықтар, «Қарлығаш», «Отбасы және балабақша», «Логика», «Бала қиялын, дарынын дамытатын тренингтер мен ойындар» әдістемелік құралдар мен журналдар қолданылған.

Оқу іс-әрекетінің жоспары апталық циклограмма бойынша жоспарланып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері технологиялық картамен жазылған. Циклограммада топтардың күн режиміне сәйкес бір апталық оқу-тәрбие жұмыстары жоспарланған. Таблица білім беру саласы, апта күндері, режимдік кезеңдерге бөлінген. Онда балалардың таңертеңнен кешке дейін айналысатын іс-әрекеттері жоспарланған: таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, түскі ас, түскі ұйқы, сауықтыру-шынықтыру шаралары, бесін ас, кешкі серуен, ойындар, кешкі ас, балалардың өз беттерінше жұмыстары жазылған.

Технологиялық карта 3 бөлімнен тұратын таблица түрінде берілген. Онда әр пән бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің тақырыбы, мақсаты, пайдаланған көрнекіліктері, тәрбиешінің іс-әрекеті, балалардың іс-әрекеті, күтілетін нәтиже толық жазылып көрсетілген. Циклограмма мен технологиялық картаны апта сайын әдіскер бекітіп отырған. Әдіскердің жылдық және апталық жоспары рәсімделген. Оқу іс-әрекеттер дәстүрлі түрде жүргізілген, алайда жаңа инновациялық технологиялар енгізілмеген.

Жылдық жоспар үш жылғы оқу жылында да жазылып, жүргізілген. Онда балабақшаның визиткалық картасы, өткен оқу жылының есебі, балалардың денсаулығын нығайту барысындағы жұмыстар, жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері, педагогикалық кадрлармен жұмыс, педагогикалық кеңестер, семинарлар, отбасымен жұмыс, мектеппен сабақтастық жұмыстары қарастырылған. Жоспарланған жұмыстар бойынша іс-шаралар жүргізілген. Ал 2014-2015 оқу жылының 5 педагогикалық кеңес жоспарланып, хаттамалары толыққанды жазылған. Осы оқу жылының мақсаты мен міндеттері: «Таным» білім беру саласы балалардың танымдық тілдік дамуына ықпал жасау, белсенділігі мен ойлау және талдай білу қабілеттерін қалыптастырып, жетілдіру. «Денсаулық» б.б.с мақсаты: «Денсаулық» білім беру саласы балалардың дене бітімін дамыту, қимыл-қозғалыс қуыреттілігін, дене қуатын жетілдіру. Аталған тақырып негізінде тәрбиешілер бес білім беру салалары бойынша педагогикалық кеңестің «Қызықты математика», «Қонды сандар», «Түсі мен пішіні», «Шынықсан шымыр боларсын», «Дені саудың жаны сау» тақырыптарында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін көрсеткен. Педагогикалық кеңесте



менгеруші, әдіскер бақылау жұмыстарының қорытындылары каралып, тәрбиешілер «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары туралы түсінік беріп, «Таным» және «Денсаулық» білім беру саласы бойынша бағдарламалары туралы түсінік беріп, «Таным» және «Денсаулық» сонша және «Баланың денесінің динамикалық қимылын дамыту» тақырыбында оқу іс-әрекетіне, балабақшамен ата-аналар арасындағы жұмысқа арналған «Отбасы мен балабақша арасындағы бірліктік» тақырыптарында баяндама оқып, талдау жасалған. «Ғажайып қоржын» көрме, «Табиғат аясында» сурет көрмесі жүргізілді. Ашық оқу іс-әрекеттерінің талдау жасалып, хаттамалары жазылып, баяндамалары тіркеліп, бекітілген.

Балабақшада «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін, ұсақ моториканың дамуы», «Денсаулығымыз – өз қолымызды», «Отбасы мен балабақшаның сабақтастығы» тақырыптарында семинарлар, кеңестер жоспарланып, хаттамалары жазылған. Педагогтардың оқу жүктемесі әр оқу жылының басында педагогикалық кеңесте каралып, бекітіп берілген, апталық жүктемелер бойынша жыл басында тарификация жасалып, бекітілген.

Оқу іс-әрекетінің кестелері жасалған. Топтардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестесі педагогикалық кеңесте жылдың басында талқыланып, менгеруші бекіткен. «Денсаулық» білім беру саласында дене шынықтыру және валеология оқу іс-әрекеттері алынған. «Қатынас» білім беру саласы бойынша тіл дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі оқу іс-әрекеттері алынған. «Таным» білім беру саласы бойынша қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, құрастыру, экология негіздері, қоршаған ортамен таныстыру оқу іс-әрекеттері алынған. «Шығармашылық» білім беру саласында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка оқу іс-әрекеттері алынған. «Әлеуметтік орта» білім беру саласында қоршаған ортамен таныстыру, экология, көркем әдебиет оқу іс-әрекеттері алынған. Балабақшада тәрбиешілер оқу-тәрбие үдерісінде білім берудің дәстүрлі формалары ұйымдастырып отырған. Бағдарламалық-әдістемеліктер бойынша топтарда дидактикалық материалдар, көрнекіліктер жинақталған.

Жас мамандармен жұмыс жүргізу жоспары жасалып, бекітілген. Балабақшадағы жас мамандар: Абдықалырова Гүлсім, Жүсіпова Ақбота, Айтмағанбетова Бекзат. Жас мамандарға тәлімгер ұстаз бекітілген; Жеңісбаева Шынар. Әдістемелік кеңес ұйымдастырылған тоқсанына 2 рет жоспарланған «Тәрбиешілерді аттестациялаудың ережелерімен таныстыру» түсіндіру жұмысы. Балалар дамуының индикаторын қортындылау», «Баланы мектепке дайындаудың психологиялық бағыттары» пікір алысу, «Кіші жастағы балалардың тілін дамытудағы ата- ана ролі», тақырыптарындағы атқарылған жұмыстары, балалармен, ата-аналармен қарым-қатынастары жөнінде баяндама берілген.

**Балабақша әдіскері Бердина Айгул Сабитовна**, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Биология» біліктілігі бойынша жоғарғы білім алған, еңбек өтілі 3,5 жыл. 2014 жылы «Өрлеу» біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкердің біліктілігін арттыру институтынан «Мектепке дейінгі ұйымдағы педагог тәрбиешілердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» курсына және «Педагог» әдістемелік кеңес орталығының «Әуенді кесте технологиясымен сауат ашу пәнін оқытудың моделі» тақырыбында тренингке қатысқан. Балабақшаның әдістемелік кабинетте мемлекеттік аттестаттау барысында іс-құжаттар жинағы, балабақшаның жылдық жоспары, әдіскердің айлық жоспары зерделенді. Іс-құжаттар жинағы іс-номенклатурасы бойынша жинақталған. Жылдық жоспарды құру барысында талапқа сай жазылған. Жылдық жоспарда педагогикалық кеңестер, балабақшаішілік семинарлар, педагогикалық ұйымдастыру жұмысы, бақылау мен басқару жоспарланған. Педагогикалық кеңес хаттамалары толық жазылған. Педагогикалық кеңестің әрбір жұмыстары жинақталып, қосып тігілген. Әдіскер балабақшаның жылдық жоспарынан айлық жоспарына енгізіп, онда өткізілетін іс-шаралар белгіленген және оқу іс-әрекеттерге ену, режимдік кезеңдерге қатысу жоспарланған. Балабақша менгерушісі жағындағы кеңес жоспарланып өткізілген. Топтарда пәндік дамытушы орталықтар ұйымдастырылып ұйымдастырылған. **Ұсыныс:** Жас мамандармен жұмыс түрлерін жетілдіру.

**Сақтап бергені Жаннұр Ерланқызы** - Қызылорда қаласы, М. Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің «Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алған. 2015 жылы «Өрлеу» біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қызылорда облысы бойынша



педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтынан «Мектепке дейінгі ұйымда білім беру үдерісінде «Тәй-тәй» және «Ойын» технологияларын ендіру үрдісін әдістемелік қолдану» курсына қатысқан. Еңбек өтілі -3 ай. Зерделеу барысында таным саласы, экология негіздері бойынша «Табиғат әлемі» тақырыбында оқу іс-әрекет көрсетті. Тәрбиеші оқу іс-әрекет барысында табиғат, тірі табиғат, өлі табиғат туралы түсінік берді. Тақтаға орналастырылған ақпараттар және жанылпаптар арқылы күн бейнесін жапсырды. Тақырыпқа сәйкес сергіту сәті, жұмбақтар және жанылпаптар айтылды. Тәрбиеші көрнекіліктерді тиімді қолдана алмады.

**Ұсыныс:** Әдіскер тарапынан әдістемелік көмек беру. Әр білім беру салаларының мақсат міндеттерін орындау.

**Мамбасва Майра Балғабайқызы** - орта білімді, Қарағанды педагогикалық институтының «Биология» мамандығы бойынша сырттай оқу бөлімінің 3 курс студенті. Педагогикалық стажы – 3 ай. Балабақша тәрбиешілерінің құжаттары зерделенді. Тақырыптық жылдық жоспарлары оқу жоспарында белгіленген сағат сандарына сай жасалған. Апталық циклограмма жоспарланған. Ата-аналармен жұмыс жоспары жасалған. Тәрбиеші портфолиосы және топ бүлдіршіндерінің портфолиосы арналып, толықтырылған. Тәрбиеші портфолиосы және топ бүлдіршіндерінің ыңғайластырылып орналастырылған. Барлық топтар ішінде пәндік дамытушы орталықтары ұлестірмелі материалдар, көрнекіліктер аз. Тәрбиешілер тарапынан жасалған дидактикалық ыңғайластырылып орналастырылған. Тәрбиешілер тарапынан жасалған дидактикалық материалдар, көрнекіліктер аз. Тәрбиешілердің шығармашылығы жетіспейді.

**Ұсыныс:** Тәрбиешілердің шығармашылығын шыңдау үшін балабақшада бәсекелестік туғызу және түрлі әдістемелік байқаулар өтізу. Тәрбиешілердің инновациялық технологияларды іс – жүзінде қолдана алуы үшін әріптес балабақшалармен іс-тәжірибе алмасу.

**II кіші «Көжек» тобының тәрбиешісі Айтмағанбетова Бекзат Игенбасевна, білімі арнаулы орта, «Болашақ» университетінің «Информатика және есептеу техникасын оқыту» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек өтілі -4 жыл, біліктілік арттыру курстарынан «Өрлеу» БАҰИ «Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қызметкерлерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбында 2014ж. өткен. Санаты- жоқ, топтағы бала саны-20. Топта дамытушы орталықтар жасакталған, толықтыру мен жаңартуды қажет етеді. Қажетті құралдар және дидактикалық материалдармен толықтыруды қажет етеді: «Біздің шығармашылығымыз!», «Табиғат мұрагерлері» жасакталған, бірақ бала бой деңгейінен жоғарыда орналасқан. Балаларға қажетті материалдармен толықтыруды қажет етеді: «Біздің шығармашылығымыз!», «Табиғат таратпа құралдары арнайы шкафта қоралдарда сақталу керек. Балаларға жеткіліксіз. Аттестаттау кезінде тәрбиеші «Әлеуметтік орта» білім беру саласы, Көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті «Табиғат аясында» тақырыбында өткізді. Балалармен шағтық шеңберін жасады, жаз мезгілінің айларын, ерекшеліктерін сұрады. Балалардан әдепті бала қандай болу керек деген сұрақ қойды, балалар барлығы бірге жауап берді. Алайда кіші топтың балалары жеке жеке сұрақтарға толық жауап беру керек. Оқу іс әрекеттің басында сергіту сәтін жасады, оқу іс-әрекетінің ұзақтығы сақталған жоқ.**

**Жетістігі:** Балалардың ойларын айтқызды. **Ұсыныс:** Тәрбиеші бала алдында өзін еркін ұстау керек, тақта алдына шығып, сурет бойынша балалардың өздеріне әңгіме құрастыруды үйрету. Әдептілік туралы толық мағлұмат беру және баланы тілін дамытып, сөздік қорын молайту керек. Балаларды ыңғайлы ортамен қамтамасыз ету керек, бір біріне кедергі жасамай, еркін қимылдауға назар аудару керек. Осы жастағы балалардың әдеби көркем кітаптарды пайдаланып, тақпақтарды жасына сай қолдану керек. Билингвалды компонентті қолдану керек. Жаңа инновациялық технологияларды пайдалану керек.

### Ү. Оқу- тәрбие жұмысы

Білім беру ұйымында тәрбие үдерісін құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілген. Нормативтік құқықтық құжаттар жинақталған, толықтыруды қажет етеді. Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстары, бала құқығын қорғау туралы іс-шаралар өткізілген. Өткізген іс-шаралары белгіленген. Жалпыға міндетті білім беру стандартында қойылатын талаптарға сай жүргізілген. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер, ата-аналармен жұмыстар, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында қызықты спорттық іс-шаралар өткізілген, алайда өткізілген жұмыстарға анықтамалар жазылмаған. Атқарылған жұмыстарға мәліметтер толық жинақталмаған.



Тәрбиелік іс-шаралар әр түрлі бағытта өткізілген. «Қазақстан – 2050» «Бір халық – бір ел, бір тілді», «Ана тілінді құрметте», «Тілім барда айтылар сыр ойдағы», «Ұстаздық еткен жалақылас», «Күз ханзаласы» сайыстар, «Алтын күз», «Тұңғыш президент», «Желтоқсандағы жарыс», «Жаңа жылдық шаңу», «Аналар мерекесі», «Жыл басы – Наурыз», «Достығымыз жарысқан», «Женіс күні», «Біз бақытты баламыз», «Біз мектепке барамыз» тақырыбында өткізілген. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік» білім беру салалары бойынша жүргізілген. Атап айтқанда II катіп «Көжек» тобының тәрбиешісі Қожабек Гулбану Қатынас білім беру саласынан Тіл дамытудан «Күз кереметі», ортанғы «Балапан» тобының тәрбиешісі Амаядық Әлия дене шынықтырудан «Дені саудың жаны сау», ересек «Балауса» тобының тәрбиешісі Абдыкадырова Гүлсім Шығармашылық білім беру саласы бойынша мүсіндеуден «Әдемі моншақтар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізіп педагогикалық кенесте талқыланып хаттамалар жазып тіркелген. Балабақшадағы балалардың саяхаттары, оқу іс-әрекеттеріне ену және талдау, педагогикалық, ата-аналар жиналысы, мектеппен өзара байланыс жұмыстары жүргізілген. Әдістемелік кабинетте педагогикалық жұмыстар, медициналық кабинетте-жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары, спорттық сауықтыру жұмыстары жүргізілген. Психологиялық бұрышта - психологиялық даму көрсеткіштері жинақталып, сақталған. Топтардың жабдықталуы стандарт талаптарына сай емес. Балаларға жан-жақты білім және саналы тәрбие беруде.

Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жылдық жоспарда көрсетілген іс-шаралар ұйымдастырған. Таңертеңгілік жаттығулар, күнделікті таңертеңгі уақытта өткізіледі. Балабақша әдіскері Жетпісбаева Динара «Мектепке дейінгі ұйымның кәзіргі заман әдіс-тәсілдердің мазмұны» тақырыбында тренинг өткізген.

Топтар балалардың жас шамасына сай, арнайы ойын бөлмесінде ойыншықтарға арналған кенездер, үстелдер және орындықтармен жабдықталған. «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» пәндік дамытушы орталар жасалып, топтарда орналастырылған, көрнекіліктер жинақталған. Топтардағы іс-құжаттар жинағы қамтылған: қатысу журналы, медкүлез журналы, фильтр журналы т.б. Дидактикалық, желілі ролді және үстел үсті ойындары жинақталған. Тәрбиешілердің портфолиосы жинақталып, өзіндік білім көтеру жұмыстары 5 бағам бойынша жоспарланып жазылған. Ата-анамен жұмыс жоспары жасалған, жоспар бойынша іс-шаралар өткізілген, анықтамалары жазылған. Ата-анамен байланыс дәптері арналған, мәлімет журналдары толтырылған.

Білім беру ұйымында пәндік дамытушы орта дайындалған. Орталықтарға бөлінген. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерді өткізу үшін жағдай жасалынған. Топтарда тақталар арналасқан, жабдықтар алынған. Техникалық құралдармен қамтамасыз етілген, «Мемлекеттік еміздер», «Денсаулық бұрышы», «Ата-аналар бұрышы», «Балалар шығармашылығы», «Төтенше жағдайда құтқару жобасы», «Балабақшадағы әдістемелік жұмыстар» тақырыбында дәптерлер бар, көрнекіліктер жинақталған.

### ҮІ. Оқу-материалдық активтер

Білім беру қызметінің ұйымы үшін аумақты қолдану құқығына құжаттары бар. Шиелі аудандық әкімінің 2010 жылғы шешімімен «Абылай» бала бақша-ясли» жауапкершілігі шартпен серіктестігінің 0,1500 га жер участогі тұрақты пайдалану үшін бөлініп берілген. Жер участогінің тұрақты пайдалану құқығын беретін акт жасалған. Жер участогінің кадастрлік 10-154-010-028-14-1 жер кадастр номерімен тіркелген. Жер участогінің алаңы 0,0966 га. Балабақша гимараты күнсыңданған. Техникалық төлқұжаты бар. Балабақша 1 қабатты, құрылыс алаңы 151,5 м<sup>2</sup>, гимараттың көлемі 695, гимарттағы бөлме саны 16, қабырға материалы кірпіш. Техникалық құрал-жағат 16.09.2010 жылы жасалған. Балабақша гимараты ыңғайластырылған, ойын алаңы, медициналық бөлме, ойын және жатын бөлмелері бар. Кір жуатын бөлме жабдықтары: Автомат кір машина-1, кептіргіш машина-1, Үтік столы-1, үтік-2, шкаф-1, стол-1, орындық-1, Койыс көлемі: 9м<sup>2</sup>. Жабдықтар: Мұздатқыш-1, тоңазытқыш-2, азық-түлікке темір сөре-4, санитариялық заттарына темір сөресі. Ауыз су автономды су башнясы арқылы беріледі, артық су



жұмыс жасауға қабілетімен катты отынға арналған 2 кіші қазандықпен жылтылады.

Гөтенше жағдайға байланысты арнайы жабдықтау жұмыстары жүргізілген, өрт сөндіргіш, және өрт сөндіретін құралдармен камтамасыз етілген. Автоматты дабылқаққыш. Өрт жұмыстары жүргізілген. Балабақша ауласы айналдыра толық қоршалған. көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Аула ойын, спорт, тынығу, шаруашылық аумақтарына санитарлық өрнекпен сатысымен жабдыкталған. Шаруашылық аумағында орналасқан түрлі коқыс жабдыктарын арнайы 1 дана коқыс салатын контейнер орналастырылған

Оқу бөлмелерінің жалпы ауданы 69,4 шаршы метр, 1 балаға алған есептегенде пайдалы ауданы біріктірілген-1, әкімшілік шаруашылық бөлмелер 6 бөлме. Жатын бөлме көлемі- 37,2, ойын бөлме-69,4, Жабдыктар: теледидар-2, кровать-65, киім шешетін шкаф-7, тумбочка-6, баялар үстелдері -22, балалар орындықтары-70, тәрбиеші үстелі-3, орындық-3, ойыншыққа шкаф-7, кілем-7, сүлгі ілгіш-4, деохлор ыдысы-1, ыдыс жуатын раковина-3, кол жуатын-3, Медицина бөлме көлемі: 10,2, Медициналық жабдыктар: кушетка-1, банкетка-2, шкаф-1, стол-1, орындық-1, бой өлшегіш-1, мед таразы-1, бикс-1, Медициналық термометрлер-65, бүйрек фонендоскоп-1, кварц шамы-1, тубысты кварц-1, тіл тартқыш-1, керме-1, шпатель-90, қалдық шелек-1, Дене тәрбиесін өткізуге арналған құрал жабдыктар доп-25, жалауша-65, секіргіш-35, шенберлер-35, велосипед-4, теледидар-2, ДВД-1, сылдырмақ-20, спорттық шкаф-1, горка жәнеж-1, футбол доп-20, арқан-1, екі метр бөрене-1, такта-3, Ас дайындау бөлмесі ауданы 27,6, Едені кафельденген. Жұмыс орнының саны 1,5, Асхана көлемі: 27,6м2. Асханалық жабдыктар: электр плита, электр сковорода-1, котел пишеварочный-1, кипяильник-1, мясорубка -1, холодильник-1, деохлор ыдысы-1, су шелек-2, қалдық салатын шелек-2, ыдыстарға арналған шкаф-4, ыдыс жуатын роковина-2, кол жуатын умывальник-1. Балалар ойнайтын ойыншықтар: қуыршақ-5, кубиктер-10, конструктор-11, резиналық ойыншық- 15, футбол доп-32. Барлық компьютерлер саны 2, Интернетке қосылғаны 1, Принтер-2, Сканер, ксерокс-1.

### ҮІІ. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қорлар

Балабақша бойынша жалпы компьютерлер саны – 2, 2012 жылы 2 дана алынған. Ойыншықтармен жабдыкталған. Кітап қоры: Көркем әдебиет-1, Сикырлы әріптер мен сөздер әлемінде-1, Қосымша -1 дана, Қыз өмір гүлі-2, Сикырлы математика-9, «Әріп дыбыстан» сикырлы әрі-7, Әліппе патшалығы-6, Раскраска-8, Валеология негіздері-5, Батырлар жыры-3, Бала мен балабақша-2, Құрастыру және қол еңбегі-1, Қарапайым математикалық түсініктерді танытастыру-10, Өзін-өзі тану-1, Көркем әдебиет хрестоматиясы-1 дана, Тіл дамыту әдістемесі-11, Тіл дамыту жұмыс дәптері-7, Ұлдар – қыздар бәріміз, үлкен-кіші бәріміз-9, Қарша қыз бен жеті құртақан-1, Үш торай-2, Маша қыз бен аю-2, Қолғап-1, Шалқан-4, Алдаркөсе-1, Үш тапсырма-1, Түлкі тасбақа және кене-1, Су перісі-1, Бермен музыканты-1, Мұхиттар мен өзендер-1, Шөлдер-1, Көліктер-1, Жануарлар-1, Үйшік-1, Бастауыш мектеп-1, Тышқан мен қалам-1, Үш тапсырма-1,

Әдеби оқулықтар - 2012ж - 42, 2013ж - 20, 2014ж - 32. Әдістемелік оқулықтар - 2012ж - 3, 2013ж - 1, 2014ж - 3, Дидактикалық материалдар - 2012ж-5, 2013ж-4, 2014ж-8, Тәрбиешілерге арналған оқу құрал-2012ж - 5, 2013ж - 9, 2014ж - 7, Аудио кітаптар- 2014ж - 3, Жазу дәптері - 2013ж - 23, 2014ж-20, Ғылыми оқулықтар-2013ж-4, Бағдарламалар- 2013ж-4, Барлығы -115. Кітап қорын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілген. Музыкалық дискілер-31, Мультимедикациялық видео диск-24, Аудио ертегілер диск -52

### ҮІІІ. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім беру ұйымында тәрбиеленушінің білім деңгейі өлшеуіштері қолданылған. Оқу іс-әрекеттері бойынша игерілген білім деңгейі бағаланған. Оқу жылының бағдарламаны игеру мерзімдері белгіленіп уақытында қорытындылар жасалған. Бағалау барысында критерийлері



бойынша жас ерекшеліктер ескерілген. Білім беру сапасын ішкі бақылау жоспарлы түрде жүргізілген. Тәрбиеленушінің білімдерін өлшеу барысында сызбалар дайындалған. Балалардың білім сапасын бағалау 2012-2013, 2013-2014 о.ж және 2014-2015 о.ж - қыркүйек, ақпан, мамыр айларында 5 білім беру саласы бойынша бала дамуының көрсеткіш индикаторы негізінде анықталған. Топтарда білім беру салалары және кіші салалары бойынша балалардың біліктілік даму деңгейін арнайы құрама карталары арқылы мониторинг жүргізілген.

### 2012-2013 оқу жылы

Білім беру салалары	Денсаулық			Қатынас			Таным			Шығармашылық			Әлеуметтік		
	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр
«Көк»	3,1	3,5	3,8	3,1	3,4	3,8	3,5	3,8	3,9	3,2	3,5	3,8	3,2	3,4	3,7
«Ақпан»	3,3	3,5	3,8	3,1	3,5	3,8	3,5	3,8	3,9	3,2	3,5	3,8	3,2	3,4	3,7
«Наурыз»	3,1	3,5	3,8	3,5	3,8	3,9	3,7	3,8	4	3,3	3,5	3,8	3,3	3,5	3,9
	3,3	3,5	3,8	3,4	3,7	3,8	3,5	3,8	3,9	3,3	3,5	3,8	3,3	3,5	3,9
	3,3	3,5	3,8	3,4	3,7	3,8	3,6	3,8	3,9	3,3	3,5	3,8	3,3	3,4	3,8

### 2013-2014 оқу жылы

Білім беру салалары	Денсаулық			Қатынас			Таным			Шығармашылық			Әлеуметтік		
	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр
«Жек»	3,1	3,5	3,3	3,1	3,4	3,8	3,5	3,8	3,9	3,4	3,8	4	3,5	3,8	3,9
«Ақпан»	3,3	3,5	3,8	3,2	3,5	3,8	3,5	3,8	3,9	3,4	3,8	4	3,5	3,8	3,9
«Наурыз»	3,2	3,4	3,8	3,5	3,8	3,9	3,7	3,8	4	3,3	3,5	3,8	3,3	3,5	3,9
	3,2	3,4	3,6	3,5	3,8	3,9	3,5	3,8	3,9	3,4	3,8	4	3,5	3,8	3,9
	3,2	3,4	3,6	3,3	3,7	3,8	3,6	3,8	3,9	3,4	3,7	4	3,4	3,7	3,9

### 2014-2015 оқу жылы

Білім беру салалары	Денсаулық			Қатынас			Таным			Шығармашылық			Әлеуметтік		
	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр	Қыркүйек	ақпан	мамыр
«Көк»	3,1	3,4	3,6	3,1	3,4	3,8	3,5	3,8	3,9	3,2	3,5	3,8	3,2	3,4	3,7
«Ақпан»	3,2	3,6	3,8	3,2	3,5	3,8	3,7	3,8	4	3,3	3,5	3,8	3,3	3,5	3,9
«Наурыз»	3,3	3,6	3,8	3,5	3,8	3,9	3,5	3,8	3,9	3,4	3,8	4	3,5	3,8	3,9
	3,2	3,5	3,7	3,4	3,7	3,8	3,6	3,8	3,9	3,3	3,7	3,7	3,4	3,7	3,8

Балабақшада тәрбиеленушілердің білім сапасын анықтап, білім өлшеуіштерін пайдалана отырып, мониторинг жүргізілген.

### IX. Ғылыми-зерттеу жұмысы

Білім беру бағдарламасымен анықталған, әдістемелік біріккен мақсаттар мен міндеттер ызметіне бағытталған басымдықтарға сәйкес жұмыстар жүргізілген. «Мектепке дейінгі ылымның қазіргі заман әдіскерінің әдістемелік іс-әрекетінің мазмұны» тақырыбында аудандық семинар-кеңес өткізілген. 2012 жылы наурыз айында аудан көлемінде ұйымдастырылған «Тіл олашағы балабақшадан» атты аудандық байқауында балабақша тәрбиеленушісі Жолдыбек Яулым құттықтау қағазымен марапатталған. Әдістемелік кеңестер өткізіліп отбасы.

педагогикалық қызмет, мектепке дейінгі тәрбие бойынша сараптамалар жүргізіліп, әдістемелік көмектер ұйымдастырылған. Педагогтар және ата-аналар арасында кезіндеп жүргізілген сауалнама жүргізіліп, қорытындысы таданды.

### Әкімшілік және кәсіптік құзырлылық эксперттік бағасы

Р/с		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
р/с	<b>А Кәсіптілік</b>				
1	Кәсіптік этиканы сақтайды	100			
2	Сөйле берік және орындайды	100			
3	Балабақша ережесін және сапасаты орындайды	100			
4	Өз сипасында білгір және заманына лайық	100			
5	Жаңа идея мен өзгерістерді қабылдағын	95	5		
6	Әділдік шанайылық байқатады	95	5		
7	Оқу жоспарының дамуының хабардар	100			
8	Оқыту жағдайынан хабардар	90	10		
р/с	<b>Б Жоспарлау</b>	100			
1	Болашаққа мақсаты бар	100			
2	Мақсатын анық, қарапайым түрде жеткізе алады	100			
3	Басымды жақтарын көрсете біледі	100			
4	Мақсат пен шешім жасау үшін сәйкес қатысушыларды тарта біледі	99	1		
5	Тапсырманы орындау үшін уақытты дұрыс бөледі	99	1		
6	Мәселені шешу үшін ұтымды тәсілдерді қолданады	100			
р/с	<b>В Ұйымдастыру</b>	100			
1	Күнделікті және апталық іс-әрекетті ұйымдастырады	100			
2	Жұмыс жүйесі бар	100			
3	Кризистік жағдай емес, басымдылық бойынша	100			
4	Уақытты дұрыс қолданады	100			
5	Іс-әрекетті тиімді үйлестіреді	100			
р/с	<b>Г Қарым-қатынас</b>	100			
1	Керек кезде қарым-қатынасқа дайын	100			
2	Қарым-қатынаста қарапайым, ашық	100			
3	Жаңа ақпаратпен бөліседі	100			
4	Кісілермен ашық сөйлеседі	100			
5	Жиналыстарды нәтижелі өткізеді	100			
6	Шешендікпен сөйлейді	98		2	
7	Тиімді жазады	100			
8	Нәтижелі тыңдайды	100			
р/с	<b>Д Мотивация</b>	100			
1	Кісілерге жұмысты орындауда еркіндік береді	99		1	
2	Ұжымның рухын тәрбиелейді	100			
3	Өз қызметтерін жақсы көңілмен орындайды	100			
4	Жұмыстан қанағат алуға жағдай туғызады	100			
5	Жұмысты бағалайды, мақтайды	100			
р/с	<b>Е Бақылау, бағалау</b>	100			
1	Іс-әрекетті тиімді бағалайды	100			
2	Кісілерге тез, нақты жауап береді	100			
3	Кісілерге жұмыс жағдайы туралы ашық айтады	100			
4	Күтілетін нәтижені түсіндіреді	100			
р/с	<b>Ж Кәсіптік дамуы</b>	100			
1	Басқалардың дамуына көмектеседі	100			
2	Жылдың актуальді жоспары бар	100			
3	Ол бағдарламасының мақсатына жетеді	95		5	
р/с	<b>З Адамгершілік қарым-қатынас</b>	100			
1	Өрістестермен жақсы қарым-қатынаста	100			
2	Өз сеніміне сәйкес жұмыс істейді	100			
3	Жаншылдық танытады	99		1	
4	Керек кезінде көмек, қолдау көрсетеді	100			



5	Конфликтті жағдайды тиімді шеше біледі	100		
6	Сенімді бастаған ісін аяғына жеткізеді	100		
7	Бюджетті тиімді және адал жұмсайды	100		

«Ата-аналар көзімен»				
Р/с	Сауалнама сұрақтары	Ия	Жок	Білме ймін
1	Сіздің баланыз балабақшаға ұзақ келе ме?	100%		
2	Сіз мынадай хабарлар аласыз ба?	100%		
3	А) Сіздің баланыңызды тәрбиелеу туралы балабақшаның мақсаты және міндеті жөнінде	100%		
4	Б) балабақшаның жұмыс кестесі, жұмыс уақыты, мерекелер, демалыстар, ас мәзірі туралы	100%		
5	Балабақшада балалар үйренгенше арнайы жұмыс өткізіле ме (ата-аналармен әңгіме, баланың алғашқы күндері топқа келуі туралы т.б.)	100%		
6	Тәрбиешілер ата-аналармен баланың балабақшада болуы туралы әртүрлі сұрастар талқылай ма?	100%		
7	Күнделікті топта болып жатқан оқиғалар және баланың білімінің нәтижесі туралы ата-аналар хабар ала ма?	100%		
8	Баланың жарақаттанғаны, денсаулығы жөнінде ата-аналар хабар ала ма?			
9	Қызметкерлермен бірлескен жиналыстарда балалардың нәтижесін ата-аналардың талқылауға мүмкіндіктері бар ма?	100%		
10	Тәрбиешілердің жұмысының қанағаттылығы жөнінде әкімшілік ата-аналардан сұрай ма?	100%		
11	Сіздің баланыңыздың балабақшадан алатын оқыту және тәрбиелеу, күту жолдары Сізді қанағаттандыра ма (сауықтандыру, сабақ барысы, қабілетін дамыту т.б.)	100%		
12	Сізге және сіздің баланыңызға балабақша қызметкерлері қайырымдылықпен қарайтынын сезінесіз бе?	84%		16%
13	Балабақшаға және баланыз барып жүрген топқа Сіз жиі материалдық көмек көрсетесіз бе, егер көрсетсеңіз қандай мақсатпен?	100%		
14	Балабақшада келесі мерекелер: Жаңа жыл, Наурыз, 8 Наурыз, 9 Мамыр, Қала күні, Балаларды қорғау күні, Конституция күні, Тәуелсіздік күні өтіле ме? Сіздерді осы мейрамдарға қатысуға шақыра ма?	100%		
15	Ата-аналар арасында сауалнама өткізіле ме?	100%		
16	Балабақша менгерушісі Сіздерді таңертенгі уақытта жиі қарсы ала ма?	100%		

#### Тәрбиешілерге арналған сауалнама

Р/с	Сауалнама сұрақтары	Ия	Жок	Білмеймін
1.	Мектепке дейінгі балалардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері жайлы білесіз бе?;	100%		
2.	Апталық циклограмманы, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасын жазуды білесіз бе?	100%		
3.	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра аласыз ба?	100%		
4.	Оқу-тәрбие процесін жоспарлай аласыз ба?	100%		
5.	Жұмыс барысында педагогикалық технологияларды пайдалана аласыз ба?	43%	57%	
6.	Топта балаларға ыңғайлы жағдай туғыза білесіз бе?	100%		
7.	А) гигиеналық	100%		
8.	Б) эстетикалық	100%		
9.	Ата-аналармен, қоғаммен, балалармен қарым-қатынасқа түсе білесіз бе?	100%		

#### Х.Кемшіліктер мен ескерпелер:

- Жылдық жоспарда жұмыс түрлерінің нақты уақыты белгіленбеген.
- Балабақшаның ауласындағы құмсалғыштар топтар санына сәйкес емес.
- Оқу іс-әрекеттерді өткізу барысында инновациялық технологиялардың енгізілуі аз.

#### С. Қорытындылар мен ұсыныстар:

- Балабақшаның материалдық-техникалық базасын толықтыру, АКТ бойынша құралдармен қабдықтау, электрондық оқулықтар және жұмыс дәптерлерімен қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық технологиялардың енгізілуін ұйымдастыру.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Педагогикалық кеңесті жоспарлау барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібін» басшылыққа алу.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауданындағы «Абылай» бала бақша-ясли» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес болуына орай аттестаттауға ұсыныс білдіреді.

Комиссия төрайымы



А.А.Мырзағалиева, Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінің бас маманы

Комиссия мүшелері



Г.Исламханова, Жосалы әкімі аппаратының №1 санаториялық ясли-бақша меңгерушісі



Г.Байжанова, Қызылорда қалалық білім бөлімінің «Бегім ана» балабақшасының әдіскері



Р.Тәжібаева, Шиелі аудандық білім бөлімінің бас маманы